

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы, Балалар қорының
2010 - 2015 жылдарға арналған негізгі операциялар жоспарының жобасын мақұлдау
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 6 тамыздағы № 806 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының (бұдан әрі - ЮНИСЕФ) 2010 - 2015 жылдарға арналған негізгі операциялар жоспарының жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, Қайрат Ермекұлы Омаровқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНИСЕФ-тің 2010 - 2015 жылдарға арналған негізгі операциялар жоспарына қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

6

т а м ы з д а ғ ы

№

8 0 6

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы
Балалар қорының 2010 - 2015 жылдарға арналған
негізгі операциялар жоспары**

(2010 жылғы 23 тамызда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры;

Мынжылдық декларациясын іске асыру, Мынжылдық даму мақсаттарына қол жеткізу және міндеттемелерін Қазақстан Республикасы мен ЮНИСЕФ өздеріне қабылдаған Бала құқықтары туралы конвенцияның ережелерін орындау үшін өзара келісім мен ынтымақтастықты дамыта отырып;

алдыңғы ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыру кезеңіндегі қол жеткізілген жетістіктер мен тәжірибеге сүйене отырып;

ынтымақтастықтың 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсанға

дейінгі жаңа кезеңіне қадам баса отырып;
бұл міндеттемелердің ізгі ниетті ынтымақтастық рухында орындалатынын мәлімдей
о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

I бөлім. Өзара қарым-қатынастар негізі

1. 1994 жылғы 25 қарашада Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) арасында жасалған 1994 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНИСЕФ арасындағы ынтымақтастық туралы негізгі келісім (ЫНК) Үкімет пен ЮНИСЕФ арасындағы өзара қарым-қатынастар негізін қамтамасыз етеді. 2010 жылғы 1 қаңтардан 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңді қамтитын осы Операциялардың негізгі жоспары (ОНЖ)¹ ЫНК-ге сәйкес түсіндіріліп, жүзеге асырылуға тиіс. Онда ұсынылған бағдарламалар мен жобаларды Үкімет пен ЮНИСЕФ өзара келіскен. Операциялардың негізгі жоспары жалпы тұжырымдаманы, басымдықтарды, мақсаттарды, стратегияларды, басқару жөніндегі міндеттерді және Үкімет пен ЮНИСЕФ-тің міндеттемелерін сипаттайтын 10 бөлімнен тұрады.

II бөлім. Ахуалды талдау

2. Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы экономикалық тұрғыдан барынша дамыған елдердің бірі болып саналады, мұнда 2000 - 2007 жылдар аралығында жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсімі орта есеппен алғанда 9 - 10% пайызды құрады. Алайда 2008 жылы басталған әлемдік қаржы дағдарысының елге тигізген әсері ЖІӨ-нің үштен біріне жуық төмендеуіне алып келді, мұның экономиканың әлеуметтік секторына ықпалы тиюі мүмкін. Ел үкіметі бұған қарамастан әлеуметтік бағдарламаларды, әсіресе, балалар мен отбасылардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға айтарлықтай қолдау көрсету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес, 2008 жылдың төртінші тоқсанында елдегі кедейшілік деңгейі 8,8%-ға төмендеді, бұл 2007 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,8%-ға төмен, сонымен қатар бұл көрсеткіш ауылдық жерлерде 2,1%-ға төмендеп, 10,8%-ды құрайды.

4. Аз қамтамасыз етілген 244,000-нан астам азаматқа мемлекеттік қолдау көрсетілді, олардың 64,4%-ын ауылдық жерлердің тұрғындары, 60,6%-ын балалар құрайды; 750,000 адам 18 жасқа дейінгі балаларына әлеуметтік жәрдемақылар алды; 191,000 отбасы тұрғын үй көмегін алды. Бұған басқа, ана мен балаға әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін жетілдіру мақсатында 2010 жылдан бастап бала туылғанда берілетін біржолғы жәрдемақы, бір жасқа дейінгі баланың күтіміне берілетін жәрдемақы мөлшері

көбейтілді, мүгедек баланы тәрбиелейтін адамға жаңа жәрдемақы енгізілді.

5. 2007 жылы денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау саласындағы шығыстардың ұлғаюы аясында әлеуметтік сектордағы ЖІӨ үлесі әлі де айтарлықтай төмен болып тұр. Денсаулық сақтау мен білім беруді қаржыландырудағы ЖІӨ 2003 жылғы 1,9% 2007 жылы 2,3% дейін және ЖІӨ тиісінше, 3,2% (2003 ж.) 3,6% дейін (2007 ж.) артты. Қазақстанның 2007 жылғы есебіне талдау жасай отырып, БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитеті басым салаларды айқындап, қолайсыз жағдайда тұратын балаларға бөлінетін бюджетті көбейтуді ұсынды. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі білім беру саласындағы 2003 және 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттік шығыстардың үлесі бар жағдайларды анықтау қажет деп с а н а й д ы .

6. Қазіргі кезде еліміз бала өлім-жітімін төмендетуге бағытталған Мыңжылдық дамудың төртінші мақсатына қол жеткізу жолында жұмыс істеуде. Алдын алуға болатын перинатальды шығындардың - нәрестелердің өлім-жітімінің, сондай-ақ өткір респираторлық және ішек инфекцияларының негізгі себептерін азайту үшін қосымша күш-жігер жұмсау қажет. Жазатайым жағдайлар мен жарақаттар да бала өлім-жітімінің елеулі құрамдас бөлігі болып табылады. Ұй шаруашылықтарын мульти-индикаторлық кластерлік тексеру (МИКТ) деректеріне сәйкес, ТТА мен А витаминінің жетіспеушілігі бала тууға қабілетті жастағы әйелдердің 36% және жасы 6 — 59 ай арасындағы балалардың 57% байқалатын болса, бала тууға қабілетті жастағы әйелдердің 45%-ы қаны аздық ауруымен ауырады. Ана мен бала денсаулығын қорғау жөнінде көрсетілетін қызмет сапасының қанағаттанғысыз болуы нормаларды, стандарттар мен әдістемелерді енгізуде жүйелі ұстанымның болмауына байланысты.

7. Қалалық және ауылдық жерлер арасындағы теңсіздік пен айырмашылық көптеген балаларға қолайсыз әсер етеді. Бес жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітім ауылдық жерлерде 41%-ға жоғары (1000 тірі туылғандарға шаққанда 30,2% салыстырғанда тиісінше, 42,6), сонымен қатар, ең «кедей» квантильдер арасындағы өлім-жітім ең «байларға» (1000 тірі туылғандарға шаққанда тиісінше 40,5 және 16,) қарағанда екі есе жоғары. Солтүстік өңірлерде мектепке дейінгі мекемелерге қол жеткізуге қатысты біршама қолайлы жағдайлар бар: қалалық жерлерде 24%, ауылдық ж е р л е р д е 7 % .

8. Балалардың небәрі 35,6% ғана қамтылған мектепке дейінгі білім беруді қоспағанда, білім беруге бағытталған Мыңжылдық дамудың екінші мақсатына бастауыш, орта және жоғары білім беру деңгейінде қол жеткізілді. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің шектеулі мүмкіндігі тек балалардың дамуына ғана емес, сонымен қатар қазіргі кезде болып жатқан балалардың институционалдану үдерісіне де әсер етеді, соған сәйкес, бұл жағдай оларды отбасылық қорғау ортасынан айырады. Бұған қоса, ерекше мұқтаж балаларды жалпы білім беру жүйесіне енгізу үкімет алдындағы шешімін таппаған мәселе болып қалып отыр. Білім беру сапасына мемлекеттік

бағалауды енгізу, білім деңгейіне сыртқы мониторинг жүргізу, педагогтік құрамды көбейту арқылы аталған сектор жұмысының тиімділігі артады. Сондай-ақ, білім беру сапасы мен мектептерде ерекше мұқтаж балаларды оқытуға байланысты мәселелер де ш е ш і л м е й т ұ р .

9. Елімізде бастауыш және орта білім алуда гендердік теңдікке қатысты Мыңжылдық дамудың үшінші мақсатына ресми қол жеткізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы Жарлығына сәйкес 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы қабылданды, Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істейді. Мемлекеттік қызметшілер арасындағы әйелдердің үлесі - 54%, алайда әйелдердің тек 10% ғана шешім қабылдаумен байланысты басшылық қызметтерде істейді.

10. Қазақстанда орталық және жергілікті деңгейлерде балаларды қорғаудың кешенді ұлттық тетігін құруға бағытталған реформалардың стратегиялық үдерісі басталды. Мемлекеттік бағдарламалар мен ресурстардың бала құқықтарын қорғауды және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі сот әділдігін көздейтініне қарамастан, ата-аналарының және отбасыларының қамқорлығынан айырылған балалардың проблемалары әлі де өзекті. 2008 жылы ата-аналарының қамқорлығынан айырылған 13156 баланы қосқанда, мектеп-интернаттар мен балалар үйлерінде 74497 бала болды. 2009 жылы олардың саны 12519 құрады. Балалардың отбасыларынан айырылуына жол бермейтін шараларға көбірек көңіл бөлу қажет және оларды бірлесіп, әлеуметтік бағдарламаларды жетілдіре отырып, әрі неғұрлым қауқарсыз балалар үшін бала күтімі бойынша балама жүйені күшейту арқылы жүргізу қажет. Ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар үшін артықшылық беретін ұзақ мерзімді шешім ретінде, бала асырап алу жүйесін реформалау да толғағы жеткен мәселе болып табылады. 1998 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңде 37,450 ұл бала/қыз бала асырап алынды (ел ішінде - 77,1%, елден тыс жерлерде - 21,7% ұл/қыз асырап алынды) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша). 2010 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға байланысты ынтымақтастық туралы конвенцияны мақұлдады. 2010 жылғы 13 наурызда Мемлекет басшысы «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға байланысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Патронаттық тәрбие балалар үйлеріне тағы бір маңызды балама бола алады, бірақ ресурстардың шектеулілігі мен рәсімдердің қиындығы бұл бағыттың дамуын қиындатып, оған кедергі келтіреді.

11. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылық, бас бостандығынан айырумен байланысты соттылық және жазалау көрсеткіштері 90 жылдардың ортасында өзінің шыңына жетіп, қазір төмендеді. Еліміз халықаралық стандарттарға жауап беретін және баланы бас бостандығынан айыру ең соңғы шара екенін ескеретін озық

әлемдік тәжірибеге сай кәметке толмағандар істері бойынша сот әділдігі жүйесін құру міндетін өз мойнына алды. Үкімет «ҚР-да ювенальды соттар жүйесін дамыту тұжырымдамасын» қабылдады, елімізде балаларға арналған кешенді сот әділдігі жүйесінің стратегиялық негізі ретінде мамандандырылған ювенальды соттар мен ювенальды полиция бөлімшелері сынақтан өткізілуде, бұл әрі қарай жалғастыруды талап ететін маңызды процесс болып табылады.

12. Балалардың еңбегін пайдалану, оларды сату, балалар жезөкшелігі мен панасыз балалар балалық шақты қорғаумен байланысты мәселелердің бір бөлігі болып табылады. Бұл тәртіп бұзушылықтардың сипаты тек маусымдық қана емес, олар ауыл шаруашылық жұмыстары басталған жылы маусымда жандана түседі, сондай-ақ көшелерде пайда болатын баспанасыз балалар бала саудасының ықтимал құрбандарына айналады. Ересектердің қарауынсыз кешкі және түнгі уақыттарда ойын-сауық мекемелерінде, көшелерде, вокзалдарда, саябақтар мен басқа да қоғамдық орындарда әртүрлі қанау түрлеріне тап болатын балалардың құқықтарын қорғау мақсатында, оларға көмек көрсету, оларды мектептерге орналастыру және қайтару үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі бірқатар акциялар мен рейдтер өткізуге бастама жасады. Мәселен, 2009 жылы осы акциялар барысында бала еңбегін пайдаланудың 911 фактісі анықталды.

13. Жас қыздар мен әйелдерді қоса алғанда, АИТВ-мен ауыру көбейе түсуде. АИТВ-инфекциясы тіркелген жаңа жағдайлардың ішінде 2001 жылдан 2007 жылға дейінгі кезеңде әйелдердің үлесі 19%-дан 26%-ға дейін көбейді. Оңтүстік Қазақстанда балаларды ұзақ уақыт госпитальда ұстау және артық емдеу салдарынан әлсіретіп, оларды инфекция жұқтыруға бейім етіп тастаған балалар ауруханаларында (2006 жылы) негізінен ЖРА және/немесе диареямен ауырған 147 бала АИТВ инфекциясын жұқтырды.

14. Жасөспірімдер (15 - 19 жас) мен жастар (20 - 24 жас) арасындағы өлім-жітім мәселесі алаңдаушылық туғызады. Орталық және Шығыс Еуропа/ТМД елдері ішінде 15-16 жастағы жасөспірімдер арасында сыртқы себептерден болатын өлім-жітім деңгейі бойынша Қазақстан екінші орында тұр. Елімізде сондай-ақ 15 - 19 жас аралығындағы бозбалалар мен бойжеткендер арасында өзіне-өзі қол жұмсау пайызы өте жоғары деңгейде және 20 - 24 жастағы бозбалалар мен бойжеткендер арасындағы өлім-жітім деңгейі өте жоғары (TransMonee, 2007 жыл). 2007 жылы Бас прокуратура бозбалалар мен бойжеткендердің өзіне-өзі қол жұмсау фактілеріне талдау жасады, оның нәтижесі ҚР Үкіметінің жанындағы Кәметке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кеңесіне ұсынылды, онда негізгі мемлекеттік органдардың міндеттері жария етілді. Барлық аймақтарда балалар мен жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауының алдын алу бойынша ішкі істер, денсаулық сақтау органдарымен бірлескен іс-шаралар жоспарлары қабылданды. Бала құқықтарын қорғау жөніндегі аумақтық департаменттер ішкі істер органдарымен

бірлесе отырып, жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауының жай-күйіне үнемі мониторинг жүргізіп отырады. Мәселен, 2009 жылдың аяғында республика бойынша 261 өзіне-өзі қол жұмсау оқиғасы тіркелді. Бұл ретте, 2008 жылмен салыстырғанда өзін-өзі өлтіру санының 17,8%-ға қысқарғаны анықталды.

15. Бұдан басқа, Қазақстан бірқатар экологиялық проблемалармен де бетпе-бет келуде. Бұрын жергілікті халқы жоғары деңгейдегі радиоактивті сәулелену және ластану әсеріне ұшыраған Семей өңірінде тұрғындардың денсаулығына қатысты проблемалар бар. Кеңестік кезеңдегі ирригациялық жобаларды тиімсіз басқару Арал теңізі деңгейінің айтарлықтай тартылуына алып келді. Соңғы кезде Үкімет пен Дүниежүзілік банк іске асырып жатқан ірі жобалар шеңберінде жұмсалған күш-жігердің арқасында ахуал жақсарды. Осы әрекет нәтижесінде Арал теңізіндегі судың деңгейі шамамен 4 метрге дейін көтеріліп, балық аулау кәсіпшілігі 2005 жылғы 200 тоннадан 2006 жылы 2 000 тоннаға дейін қайта қалпына келтірілді (Дүниежүзілік банктің жобаның іске асырылу барысы туралы есебі, 2007 жыл). Басқа төтенше қауіп-қатерлердің ішінде Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары зардап шеккен зілзаланы атап өтуге болады.

16. Үкіметтің 2007 жылғы 24 мамырда шығарған шешімінің негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия нысанындағы бала құқықтарын қорғауға қатысты саясатты үйлестіру және оған мониторинг жүргізу тетігінің қалыптастырылуына қарамастан, Үкімет балаларға қатысты мәселелерді шешуге неғұрлым біріктірілген тәсілдердің қажет екенін мойындайды, алайда бағдарламалардың барлығы әзірге сатылы сипатқа ие. Оның үстіне балаларды дамыту проблемаларын және оларды сәби кезінен түзету мәселелерін уақытылы анықтау жөніндегі іс-шаралар ана мен бала денсаулығын сақтау саясатына әлі де болса толығымен біріктірілмеген. Балаларды қорғау саласындағы кемшіліктер оған қатыстырылған секторлар рөлдерінің фрагменттік сипатта болуымен және адам әлеуетінің жеткіліксіздігімен байланысты, ал мұндай іске ведомствоаралық өзара іс-қимыл қажет.

III бөлім. Өткен ынтымақтастықтан алынған негізгі нәтижелер мен сабақтар

Қол жеткізілген негізгі нәтижелер

17. Бағдарлама аясында екі облыста балаға достық қарым-қатынас жасау мектептері (БДҚМ) құрылды, сонымен қатар олардың саны тағы да үш облыста көбейді. БДҚМ-да оқитын балалар саны 2005 жылғы екі пайыздан 2008 жылы 123000 адамға жетті, 20 пайызға дейін көбейтіліп БДҚМ-ның бағалау әдістемесі мен оқыту бағдарламасы Шығыс Қазақстан облысында болашақ оқытушыларды қайта даярлау және оқыту

курстарына енгізілді. БДҚМ тұжырымдамасын білім беру саясатына енгізудегі кейбір кідірістер БДҚМ компоненттерін жергілікті жағдайға бейімдеуге мүмкіндік берді.

18. Жергілікті деңгейде ата-аналар дағдыларын жақсарту жөніндегі бастамаларды енгізу жөніндегі пилоттық жобалардың нәтижелері жан-жақты бағалау мәні болып табылды. Тұжырымдар мен ұсынымдар есепте көрсетіліп, балалардың денсаулығы мен оларды сәби кезінен дамытуды жақсартуға арналған жұмыстарды тәжірибеге енгізу үшін ұсынылды. Бұл модель мақұлданып, Денсаулық сақтау министрлігі тиісті нормативтік құжаттарды дайындады. Оңтүстік Қазақстан облысы мен Семей өңіріндегі мейірбикелердің 50 пайыздан астамы сәби жастағы балаларға, әсіресе қыздарға күтім жасаған кезде ата-аналар дағдыларын жақсарту бойынша оқу курстарынан өтті. 2006 жылы мульти-индикаторлық кластерлік тексеру нәтижесінде үй шаруашылықтарының 81% балаларды оқыту мен оларды мектепке дайындауға үлкен көңіл бөлетіні анықталды.

19. Бағдарлама сондай-ақ, балаларға қызмет көрсетуді жетілдіруді көздейтін әлеуметтік секторды реформалауға да септігін тигізді. Денсаулық сақтау жүйесін реформалау аясында Кепілді медициналық көмек көлемі енгізілді, ол балаларға, жүкті әйелдерге және жасөспірімдерге қызмет түрлері мен дәрі-дәрмектердің, алғашқы медициналық—санитарлық көмек көрсететін мекемелердің қызметінен бастап жоғары мамандандырылған медициналық көмекке дейін жалпыға бірдей қол жетімді және тегін болуын қамтамасыз етеді. Азия даму банкімен (АДБ) ынтымақтастықтың арқасында елімізде йод жетіспеушілігі жойылды. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін мекемелерде жастарға жақын қызмет көрсетулер енгізілуде. Бала құқықтарын қорғау саласында баламалы қызмет көрсету түрлері жұмыс істей бастады.

20. Бағдарлама БҰҰ агенттіктерінің бұрынғы Семей ядролық полигонының аумағындағы кедейшілікті төмендету және сапалы әлеуметтік қызмет түрлеріне қол жеткізу жағдайларын жақсартуға бағытталған бірлескен жобаға үлес қосады. БҰҰ-ның Әйелдер мүдделерін дамытуға арналған Қорымен (ЮНИФЕМ), БҰҰ-ның тұрғын халық жөніндегі Қорымен (ЮНПФА) және басқа ұйымдармен ынтымақтаса отырып, орта білім беру жүйесіне апатты жағдайлар қаупін төмендететін компонентті енгізу арқылы 2006 - 2016 жылдарға арналған Ұлттық Гендерлік теңдік стратегиясы мен «Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оны жоюдың мемлекеттік жүйесі» стратегиясын әзірлеуде және іске асыруда техникалық көмек көрсетілді.

А л ы н ғ а н с а б а қ т а р

21. 2007 жылы өткізілген елдік бағдарламаға жасалған орта мерзімді шолу бағдарламасының әлеуметтік саясаттың кейбір компоненттерін жетілдіруге үлес қосқанын көрсетті. Алайда нормативтік база мен практикалық басшылық денсаулық сақтау мен балалық шақты қорғау жүйесіндегі олқылықтарды жоя отырып, одан әрі пысықтауды талап етеді. Келісілген әлеуметтік саясатты жетілдіру үшін қажетті сенімді деректер мен ақпаратты қамтамасыз ету және одан әрі жүйелі реформалар

жасау үшін әлеуетті арттыру жөніндегі жұмыстарды күшейту ұсынылды. Бұл іс-қимылдар тұтастай және жүйелі көзқарасты анықтауға, рөлдердің фрагменттік сипатта болуын және жауапкершілік салаларының нақты бөлінбеуін болдырмауға көмектеседі. Сондықтан жаңа елдік бағдарламада әлеуметтік саясатты жетілдіру және оны тиімді іске асыру үшін дәлелді деректер базасын нығайтуға, ақпарат жинау мен оны пайдалану жөніндегі білімді арттыруға айрықша көңіл бөлінетін болады.

22. Оңтүстік Қазақстанда АИТВ-ның орын алуы отбасы, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орындары мен ауруханалар деңгейінде баланы емдеу мен оған күтім жасаудағы кемшіліктерді көрсетіп берді. Денсаулық сақтау жүйесін, әсіресе ана мен бала денсаулығын қорғауды реформалауды тездету үшін жоспарлау мен бюджеттеудің тиімсіз, шығынды әдісінен нәтижелерге жетуге негізделген әдісіне және сенімді деректер негізінде жоспарлау мен орындау сапасының мониторингіне көшуге айрықша көңіл бөлінуге тиіс. Әйелдер мен балалардың өршіп тұрған АИТВ жұқтыру қаупі проблемасы сатылы бағдарламаларда деңгейлес байланыстар орнату арқылы және АИТВ-инфекцияларының анадан балаға берілуінің және ана мен баланы қорғауда педиатриялық ЖИТС-тың алдын алу арқылы шешілуге тиіс. Сонымен қатар медицина қызметкерлерінің қарым-қатынасындағы кемсітушілікті қоса алғанда, стигма мен кемсітушіліктің азаюын көздейтін шараларды күшейту кажет.

23. Бала құқықтарын қорғау шеңберінде де институционалсыздану мәселелеріне ерекше назар аудару балаларды мекемелерде тәрбиелеу стандарттарының өзгеруіне және патронаттық тәрбие беру тәжірибесін енгізуде белгілі бір ілгерілеушілікке алып келді. Алайда бұл шаралар әлі де баланы қорғау саласындағы жалпы реформаның бөлігіне айналған жоқ әрі балалар үйлері мен интернаттарда балалар санының елеулі түрде азаюына да алып келген жоқ. Мұндай мекемелердегі бала тәрбиесіне деген оң көзқарастар жергілікті және өңірлік деңгейлерде әлі де басым сипатқа ие. Бұдан басқа, әлеуметтік қорғау жүйесі де әлі күнге дейін балаларды интернат мекемелеріне беруді дұрыс деп табады, ал балаларды институционалдандыруға қарсы әрекет етуге арналған тиісті шаралар фрагменттік сипатта, сондықтан олар айтарлықтай өзгертуді талап етеді. Жаңа бағдарлама (а) институционалсыздандыру үдерісінің басым сипатқа ие болуына және әлеуметтік реформалар бағдарламаларының шеңберінде балаларды қорғау реформасына; (б) баланы интернат мекемелеріне орналастыруға оң көзқарас негіз болатын құрылымдық себептерге әсер етуге; (в) балаларды институционалдандырудың баламалы тәрбие беру түрлерін әзірлеуге және стандарттар мен практикалық жұмыстарды жетілдіруге бағытталған бастамаларды әзірлеуге қолдау көрсетеді.

IV бөлім. Ұсынылатын бағдарлама

24. Ынтымақтастықтың жаңа елдік бағдарламасын дайындау дамудың мемлекеттік және жаһандық басымдықтарын ескере отырып, 2010 - 2015 жылдарға арналған

ынтымақтастық бағдарламасының негізі болып табылатын 2007 жылғы бағдарламаға орта мерзімді шолу жасаудан басталды. Үкіметпен, Парламентпен, жергілікті билікпен, ғылыми, азаматтық қоғам өкілдерімен және халықаралық ұйымдармен жоғары деңгейде өткізілген техникалық кеңестер мен кездесулер бағдарламаның стратегиялық бағыттарын - балалар мен әйелдердің мүдделерін қорғайтын ұлттық басымдықтарға қол жеткізу бастамаларын неғұрлым нақты тұжырымдауға мүмкіндік берді. «Қазақстандағы балалар мен отбасылар мүдделерін көздейтін республикалық және жергілікті бюджеттердің әлеуметтік бағдарлылығы мен тиімділігін арттыру» тақырыбында 2007 жылы өткен халықаралық конференцияның ұсынымдары балаларға арналған бағдарламаларды қаржыландыруды ұлғайту және бала мүддесін барынша жаңсартуға тиімді мемлекеттік саясат жүргізу мәселелеріне назар аударуға ықпал етті. ЮНИСЕФ-тің БҰҰ даму мақсатында көмек көрсету жөніндегі (ЮНДАФ) 2010 - 2015 жылдарға арналған Негіздемелік бағдарламасын дайындау үдерісінде БҰҰ-ның басқа мекемелерімен ынтымақтастығы бағдарламаның басымдықтары мен стратегиялық бағыттарын неғұрлым нақты тұжырымдау үшін қосымша мүмкіндік берді. Үкіметпен және ЮНДАФ Стратегиясы жөніндегі әріптестермен бірлескен кездесу 2008 жылдың 16 мамырында өтті.

25. Елдік бағдарлама Қазақстан Үкіметінің балалар өмірінің, әсіресе олардың әлеуметтік осал топтарының өмір сүру сапасын жақсартуға, сондай-ақ өңірлік және гендерлік теңсіздікті төмендетуге жәрдемдесуге бағытталған. Бәрін қамтитын басымдықтар мемлекеттік саясатқа қолдау көрсетуден және бюджетті адам капиталына салынатын инвестицияларды көбейтуге және жүйелерді нығайтуға ықпал ететін инклюзивті және адам құқықтарына негізделген әлеуметтік қызметтерді қаржыландыруға бағыттауға жәрдемдесуден тұрады. Мұның бәрі экономикалық өсуді еліміздегі қыздар мен ұлдардың жағдайын елеулі түрде жақсарту үшін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ел ауқымында жаңа тәсілдерді пайдаланбас бұрын олар балаға достық қарым-қатынастағы Қала (БДҚ) тұжырымдамасы шеңберінде таңдап алынған балаға достық қарым-қатынастағы жергілікті қоғамдастықтарда сынақтан өтетін болады. Осы үдеріс бойында баланың саясатты жоспарлауға, жүзеге асыруға және әзірлеуге қатысуының сектораралық қағидаты сақталады.

26. Елдік бағдарлама мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізуді көздейді: (а) адам, қаржы және ұйымдастыру ресурстары ұлдар мен қыздардың ең қажет мүдделерін қамтамасыз ету үшін керекті гендерлік және әлеуметтік теңсіздік мәселелерін шешуге байланысты жоспарлар мен бағдарламаларға қайта бағытталады; (б) бала құқықтарын қорғау саласындағы міндеттемелерді іске асыру туралы, сондай-ақ оған қатысты қабылданатын шаралар туралы есептілік жыл сайынғы негізде жүзеге асырылады; (в) балалар, жасөспірімдер, жастар және әйелдер әлеуметтік және медициналық қызмет көрсету жөніндегі бағдарламаларға белсенді түрде қатысады, бұл да өз кезегінде осы топтардың құқықтарын іске асыру үдерісіне азаматтық тартылуына жәрдемдеседі;

сондай-ақ өмірлік дағдыларға үйрету білім беру үдерісінің бәріне жан-жақты біріктірілген; (г) халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес келетін баланы сәби кезінен дамыту мен ана мен баланы қорғау қызметтеріне қол жеткізе алатын және пайдаланатын отбасылар саны 20%-ға дейін көбейді; (д) бала тууға қабілетті жастағы әйелдер мен 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы қан аздығымен ауыру 15%-ға төмендеді; 6 айдан 59 айға дейінгі жастағы балалар арасында А витаминінің тапшылығы жойылды; (е) балалар үйлері/мектеп-интернаттардағы балалар мен отбасын алмастыратын немесе басқа баламалы тәрбиелеу түрлерінде тәрбиеленіп жатқан балалар арасалмағы 80/20-дан 60/40-қа дейін жақсарды, мемлекет қамқорлығындағы балалар саны 50%-ға дейін төмендеді; (ж) қалпына келтіру сипатындағы баламалы жаза қолданылған және алдын алу бағдарламаларын пайдалануға рұқсат алған заң бұзған кәмелетке толмағандар саны 20%-ға өсті; (з) делинквенттік мінез-құлықтың алдын алатын ерекше бағдарламаларға ауыстырылған, қылмыстық жауапкершілікті түзету әрекеттері мен шартты соттылық баламалы түрлерімен ауыстырылған, сондай-ақ балаға жақын іс-шаралар өткізу нәтижесінің пайдасы тиген балалар саны өсті, қылмыстың құрбаны болған балалар мен куәгерлері және АИТВ жұқтырған жүкті әйелдердің кемінде 90% анадан балаға АИТВ берілуінің алдын алу үшін сот әділдігі жүйесінде ретровирусқа қарсы ем алады, ал ауру ошақтарындағы ауру қаупі жоғары АИТВ бойынша алдын алу қызметін пайдаланатын топтарда жасөспірімдер саны 30%-ға дейін артты.

27. Келісілген күш-жігерлер Үкіметтің адам құқықтарына негізделген және гендерлік аспектілерді ескеретін саясат әзірлеуіне жәрдемдесу үшін макро-деңгейде жүзеге асырылатын болады. Сапалы зерттеулер мен жүргізілген талдаулар қорытындысы бойынша топтастырылған деректер мен нәтижелер өмірлік маңызы бар ақпарат және білім көздері ретінде әлемдік стандарттар мен нормаларға сәйкес заңнамаларға және саясатты қалыптастыруға ықпал етеді. Бизнес-сектормен, азаматтық қоғам өкілдерімен және мемлекеттік органдармен мейлінше тығыз әріптестік негізі қаланады. Жүйелерді мульти тәртіптік және сектораралық нығайту ана мен бала денсаулығын қорғау, тамақтануды жақсарту, баланы сәби кезінен дамыту, АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу және емдеу, білім беру, бала құқықтарын және жасөспірімдердің дамуын қорғау, сондай-ақ гендерлік теңдікті ілгерілету салаларында сапалы қызмет көрсету мен мемлекеттік органдардың әлеуетін арттыруға негізделетін болады. Жергілікті деңгейде мінез-құлықты өзгерту жөніндегі сектораралық стратегияны білдіретін Дамытуға арналған коммуникация тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында баланың тіршілік етуіне және оны қорғауға байланысты алдын алуға болатын қауіп-қатерлерді азайту жөніндегі шараларды оңтайландыруда ОҚО-ның және ШҚО-ның билік органдарына көмек көрсету жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Елдік бағдарламаның құрылымы мынадай болып келеді:

барынша тарту және көбірек қатыстыруды көздейді, бұл сондай-ақ нәтижесінде қол жетімді ресурстарды неғұрлым жетілген және ұтымды түрде пайдалануға алып келмек. Осылайша, бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін дамытуда жеке секторға көмектесуге бағытталған бастамаларды іске асыру жоспарланады. Сөйтіп, орталық және жергілікті деңгейлерде азаматтық қоғаммен кеңінен ынтымақтастық қарым-қатынас орнату қарастырылып отырған бағдарламаларға халықтың нысаналы топтарының мұқтаждықтарына сәйкес түзету енгізуге мүмкіндік б е р е д і .

29. Бұл бағдарлама мынадай екі өзекті компоненттен тұрады, олар - әлеуметтік саясат және балалар мүдделерін көздейтін әріптестік. Бағдарлама Үкіметтің балалардың аمانдық-саулығының жай-күйіне мониторинг жүргізуге және жүргізілетін мемлекеттік, оның ішінде бюджеттік саясатқа талдау жасау, түрлі секторлар арасында ақпарат және білім алмасу жүйелерін жақсарту мен балалар мүдделерін көздейтін ынтымақтастықты кеңейту арқылы әлеуметтік секторда реформалар жасауға жәрдемдесетін болады. Нәтижесінде: (а) бюджеттік процесс негізінен нәтижеге қол жеткізуге бағдарланатын болады, ол өз кезегінде, қолайсыз өңірлердегі ұлдарға да, қыздарға да тең дәрежеде жағымды әсерін тигізетін әлеуметтік саясатты іске асыруға мемлекет қаржысын жеткілікті бөлігу алып келеді; (б) стратегиялық жоспарлау департаменттері, салалық министрліктер мен жергілікті әкімшілік қызметкерлерінің басым бөлігі (білім беру, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау бөлімдері) мемлекеттік бағдарламаларды жоспарлау мен іске асыруда, оның ішінде орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының ережелеріне сәйкес балалар мүдделерінде бюджеттеуде балалардың аман-саулығы жай-күйінің көрсеткіштері мен сенімді деректерді қолданатын болады және (в) балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғау мен қамтамасыз ету саласында жеке және мемлекеттік секторлар арасында ынтымақтастық жолға қойылатын болады.

30. Бағдарлама тиімді саясат таңдауға негіз болатын және балалар мен жастардың қиындыққа ұрынған және қауқарсыз топтарының өмірлерін жақсартуға ықпал ететін сенімді ақпарат беретін болады. Аталған бағдарлама шеңберінде тиісті заңнамаларға, сондай-ақ балалардың аман-саулығына ықпал ететін мемлекеттік қаржы және әлеуметтік қорғау саласындағы негізгі құжаттарға талдаулар жасалады деп күтіледі. Бұған қоса, әлеуметтік саясат саласында оқу орындарына халықаралық сарапшыларды тарту және озық тәжірибе алмасу, сондай-ақ әлемде және өңір елдерінің арасында көрсетілген бағыттағы тәжірибені зерттеуге жәрдемдесу арқылы техникалық көмек көрсету көзделуде. Нәтижеге жетуге бағдарланған мемлекеттік басқару және бюджеттеу қағидаттарына негізделген «жетілдірілген» моделі сынақтан өткізілетін болады, сондай-ақ кейбір өңірлерде мемлекеттік органдардың қызметін бағалау индикаторлары тестілеуден өткізіледі; және ең озық тәжірибенің үлгілері әрі қарай пайдалану үшін құжатталатын болады. Жыныстық және өңірлік белгілері бойынша

бөлінген сапалық талдау, сенімді деректер мен ақпаратты жинау тағам өнімдерін құнарландыру мен микронутриенттерді қосымша қамтамасыз ету секілді техникалық стандарттар мен нормативтерді әзірлеуге және саясатты қалыптастыруға жәрдемдеседі. Бұл ақпарат сондай-ақ жазатайым оқиғалар мен жарақат алудың алдын алу, бозбалалар мен бойжеткендердің аман-саулығы мен олардың мінез-құлықтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды талдау бойынша стратегияларды әзірлеу мен іске асыруда пайдаланылатын болады. Бұл қызметтің нәтижесі де реформаларды әзірлеуде, әсіресе, балалық шақты қорғау жүйесін күшейтуге қатысты пайдаланылады.

31. Бағдарлама сонымен қатар мемлекет пен жеке сектордың арасында, жастардың қатысуын қоса алғанда, балалар мүдделерін көздейтін әріптестік қарым-қатынастарды орнатуға қолдау көрсетеді. Аталған ынтымақтастық шеңберінде жеке сектордың, жұртшылықтың өкілдеріне және Үкіметке балалар мүдделерін көздейтін әріптестік туралы «шарт» әзірлеуде көмек көрсетілетін болады, бұл орнықты бастамаларды іске асыруға, қаржыландыруды ұлғайтуға және балалар құқықтарының іске асырылуына тұрақты мониторинг жүргізуге ықпал етпек. Осы «шартты» бағалау және жетілдіру тұрақты негізде жүзеге асырылатын болады. Балалар мүдделерін көздейтін әріптестік Үкімет пен ЮНИСЕФ арасындағы жетілдірілген ынтымақтастықтың негізін қалайды және елімізде 2015 жылға дейінгі және одан кейінгі кезеңде балалар үшін ресурстардың тартылуына ықпал етеді. Бұл қызмет сондай-ақ ақпараттандыру, мүдделерді қорғау, жұртшылықты ақпараттандыруды күшейту мен жұмылдыру бойынша негізгі коммуникациялық стратегияларды пайдалану арқылы корпоративтік сектор мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін ынталандыратын болады. Жасөспірімдер мен жастардың пікірлері азаматтық қоғамды тартуға және қатыстыруға бағытталған топтардың, ұйымдардың, бағдарламалар мен бастамалардың жұмыстарына қолдау көрсету арқылы жеткізілмек.

32. ЮНИСЕФ-тің негізгі ресурстары, соның ішінде, балалар мүдделерін көздейтін әлеуметтік саясатты қалыптастыруға ықпал ететін сенімді ақпаратқа негізделген өзекті тақырыптық блоктарға және ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған бастамаларға жұмсалатын болады; сонымен қатар негізгі шараларға қолдау көрсету үшін қосымша қаражат пайдаланылады.

33. Бұл бағдарлама «Қазақстан - 2030» Стратегиясы, «2020 жылға дейінгі даму бағдарламасы», «Қазақстан Республикасының 2007 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы», нәтижеге қол жеткізуге бағдарланған басқару және бюджеттеу қағидаттарына негізделген 2010 - 2020 жылдар кезеңіндегі ұзақ мерзімді денсаулық сақтау және білім беруді дамыту бағдарламасы, «Барлығы үшін сапалы өмір», «Қазақстан балалары» ұлттық бағдарламасы секілді ұлттық бастамалармен тығыз байланысты болмақ. Осы бастамалар Қазақстанды балаларға қатысты «жетілдірілген саясат» орталығы ретінде көрсетуге ықпал етеді. Бағдарламаның әріптестері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ), ЮНПФА, БҰҰ-ның Білім, ғылым

және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО), Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ), БҰҰ-ның АИТВ/ЖИТС жөніндегі Біріккен Бағдарламасы (ЮНЭЙДС), БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰДБ), Дүниежүзілік банк, АҚШ-тың Халықаралық даму жөніндегі агенттігі (ЮСАИД), Еуропалық Одақ (ЕО), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) болып табылады.

34. Әлеуметтік саясат жүргізудің және балалар мүдделерін көздеген әріптестік қарым-қатынас орнатудың арқасында бағдарлама компонентінің мынадай нәтижелеріне қол жеткізуге болады:

2015 жылдың соңына қарай Қазақстан БҰҰ Бала құқықтары туралы комитетінің орындалмаған ұсынымдарына сәйкес, бала құқықтарын іске асыруда орын алған проблемаларға тиісті көңіл бөлетін болады.

Бұл нәтижеге қол жеткізудегі ілгерілеушілік мынадай көрсеткіштермен өлшенеді:

- шығыстары жан басына шаққанда күніне СҚТ-дан 2 және 5 доллардан төмен үй шаруашылықтарындағы балалар үлесі;

- әкімшілік және тәуелсіз жүйелер балалар құқықтарын іске асыруға бөлінетін бюджет пен оған байланысты саясаттың орындалуына мониторинг жүргізеді.

Аралық екі нәтиже осы бағдарламалық компоненттің нәтижесіне қол жеткізуге алып келеді:

- 2015 жылдың соңына қарай мемлекеттік билік денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау саласында балалар құқықтарына басымдық беру үшін жалпы ресурстардың жеткілікті көлемін бөледі және пайдаланады.

- 2015 жылдың соңына қарай үкімет, жеке сектор, қоғам және ЮНИСЕФ-тің қатысуымен жасалған балалар мүдделерін көздейтін әріптестік туралы «шарттар» балалар мен жастар мүдделерін көздейтін орнықты бастамаларды іске асыруға, қаржыландыруды көбейтуге және балалар құқықтарының іске асырылуына тұрақты мониторинг жүргізуге ықпал етеді.

Балалар құқықтарын қорғауға бағытталған жүйелерді нығайту

35. Баланы қорғауды қамтамасыз етумен байланысты қауіп-қатерлердің алдын алу және оларға ден қоюға арналған бала құқықтарын қорғау жүйесі деп ЮНИСЕФ барлық әлеуметтік салалардағы, әсіресе, әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, қауіпсіздік және сот әділдігі секілді салалардағы заңдар жиынтығын, саясатты, нормативтік актілерді, қызметтерді, әлеуетті, мониторинг және бақылау жүйесін түсінеді. Сондықтан ЮНИСЕФ балалар құқықтарын қорғаудың тұрақты ұлттық жүйесін қалыптастыруды көздейтін түпкі мақсатқа қол жеткізу үшін Қазақстанда әлеуметтік реформалар жүргізу процесін қолдайды. Бағдарламаның бұл компоненті денсаулық сақтау, тамақтану және білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Күш-жігер бюджет қаражатын неғұрлым әлеуметтік-тиімді және әділ бөлуді қолдауға;

жоспарланған нәтижелерге мониторинг жүргізу сапасы мен оның орындалу деңгейін, сондай-ақ оқыту мен оның сапасын жақсартуға; медициналық және әлеуметтік жұмыстар технологияларын, оқу бағдарламаларын жетілдіруге; сонымен бірге, халықты ақпаратпен хабардар етуді арттыруға бағытталатын болады. Отбасылардың қауқарсыздығы мен әлеуметтік оқшаулануына, нәрестелер мен балаларды ата-аналар қамқорлығынан айыруды болдырмауға, ерекше мұқтаж балалар, ішкі және халықаралық бала асырап алу, балаларды қанау және сату мәселелеріне қатысты проблемаларды шешу үшін тәсілдер тұжырымдау қажет. Аталған проблемаларды шешу үшін балалар мүдделерін көздеу мақсатында балаларды қорғау және әділет жүйелері шеңберінде өз қызметтерін ұсынатындарға олардың рөлдері мен міндеттерін неғұрлым нақты айқындауда әрі жаңа икемді тәсілдер әзірлеуде, оны іске асыруда көмек көрсетіледі. Көптеген әлеуметтік көрсеткіштер жас адамдардың амандық саулығына, мінез-құлқы үлгісі мен салауатты өмір салтын ұстауға бейімділігіне қатысты айтарлықтай олқылықтар бар екендігін көрсетеді, бұл жастар мен жасөспірімдерді дамыту мәселелерінде бірлескен іс-қимылдарды жаңарту мен күшейтуді талап етеді.

36. Бұл бағдарлама балалар, жасөспірімдер мен әйелдер құқықтарын қорғау, олардың профилактикасы, күтіп-бағу қызметін көрсетудің қолжетімділігін, сапасын және тиімділігін жақсарту үшін әлеуметтік сектор жүйесін нығайтуда үкіметке көмек көрсетуге бағытталған. Бағдарламаның негізгі екі элементі - балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен оларды дамыту, сондай-ақ баланы қорғау. Олар мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған: (а) ана мен бала денсаулығын қорғауда қол жеткізілген нәтижелерге мониторинг жасауға және қызмет көрсетудің тұтастығы мен ықпалдасу қағидаттарына құрылған дамыған денсаулық сақтау жүйесі, балаларды сәби кезінен бастап дамыту, өмірлік дағдыларды дарыту мен АИТВ-ның алдын алуға, АИТВ жұқтырғандарға күтім жасауға дағдыландыру; орталық және жергілікті деңгейлерде бала құқықтарын қорғау тетіктерін дамыту; (б) баланы отбасынан айырудың алдын алуға, оны отбасына қосуға және отбасылық тәрбиенің алуан түрлі нысандарын дамыту қағидаттарына негізделген қоғамдастықта әлеуметтік қызмет көрсету үшін жинақталған қайта құрылған және оңтайландырылған бала күтімі жүйелері; (в) әрбір жағдайда құқықтардың сақталуын қамтамасыз ететін және әрбір кәмелетке толмаған құқық бұзушының мүддесін барынша көздеп әрекет ететін балалар мүдделерін көздейтін әділет жүйесін құру. Бағдарламаның әріптесі ДДСҰ, БҰҰДБ, ЮНЕСКО, ЮНФПА, ХЕҰ, БҰҰ-ның АИТВ/ЖИТС жөніндегі бағдарламасы, Дүниежүзілік банк, ЮСАИД, ЕО және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) болып табылады.

37. Бағдарлама Үкіметке Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі және денсаулық сақтау саласын реформалау шеңберінде балалар мен жүкті әйелдерге, әсіресе, алдын алуға болатын перинатальды шығындарды азайту үшін шұғыл

акушерлік және неонатальды көмек көрсету саласында көрсетілетін қызмет түрлерін жақсарту мен оған мониторинг жүргізуде қолдау көрсетуді жалғастырады. Медициналық қызметкерлердің қызмет көрсету тиімділігі мен нәрестелерге күтім жасау негіздерін қоса алғанда, сәбилерді аман алып қалуды қамтамасыз ету мақсатында оқытуға ықпал етуі мен оның сапасы-бағалау мен қызметті жақсартудың мәні болып табылады. Балалар мен әйелдердің тамақтану деңгейін қадағалау және нәрестелерді емізу, қажетті микронутриенттермен қамтамасыз ету мен тағам өнімдерін құнарландыру секілді тиісті шараларды көбейту үшін тамақтануға және өсімге мониторинг жасау жүйесін жетілдіру саласында қолдау көрсетілетін болады. Ана мен бала денсаулығын сақтау және оларды тамақтандыруды жақсарту саласында орнықты саясатты дамыту мен іске асыруға ықпал ететін орта қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар көтермеленеді. Өмірлік дағдыларды үйрету жобаларын іске асыру барысында жинақталған тәжірибе бұл курсты орта мектептің міндетті оқу бағдарламаларына енгізу, сонымен қатар оқыту әдістерін жетілдіру және мұғалімдерді дипломға дейінгі даярлау мен олардың шетелдік әріптестерімен ақпарат алмасуына қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы тәжірибеде бекіту үшін қолданылатын болады. Баланы сәби кезінен дамыту мәселелерінде бағдарлама баланың сәби кезіндегі күтімі бойынша жоспарланатын зерттеулер нәтижелеріне негізделетін балалар күтімі, тағамы, ерекше мұқтаждықтары/жазатайым оқиғалар және гигиена дағдылары жөніндегі ақпаратты әзірлеу мен таратуға қолдау көрсетуді жалғастырады. Бағалау әдістемесі елдің мәдени әралуандығы мен дәстүрлеріне сәйкес бейімделетін болады. Қазақстан баланы дамыту мақсатында бала күтімі жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуде Орталық Азия аймағында бастамашы болды. Сөйтіп, бұл бағдарлама ата-аналардың қатысуын негізге ала отырып, ерекше мұқтаж балаларды анықтауға негіз болады, Ерекше мұқтаж балаларды анықтау бала құқықтарын қорғау және сәби кезінен араласу үшін мейлінше маңызды. Бағдарламаның негізгі әріптестері ДДСҰ, ЮНФПА, ЮНЕСКО, ЮСАИД, Дүниежүзілік банк және ЕО.

38. АИТВ/ЖИТС мәселесіне келетін болсақ, салауатты өмір салтын ілгерілету, жасөспірімдердің АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу мәселелерінен хабардарлығын арттыру, балаларға тиісті күтім жасауды қамтамасыз ету, ана мен бала денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдардың жұмыс тәжірибелеріне АИТВ-ның анадан балаға берілуінің және педиатриялық ЖИТС-тың алдын алуды енгізу үшін денсаулық сақтау және білім беру секторларымен байланысты жақсарту қажет. Жұқтыру қаупі жоғары топтардағы жасөспірімдерге қоғамдастықта «аутрич» әдістемесін қолдану, АИТВ-ның алдын алу жөніндегі қызметке, медициналық, психологиялық және әлеуметтік қызмет түрлерін ұсынатын Жастар денсаулығы орталықтарына (ЖДО), АИТВ жұқтырған балаларды қорғайтын, оларға психологиялық қолдау және білім беру қызметін көрсететін қызметтерге, жақын достар қызметтеріне қаралуға ынталандыру арқылы көбірек көңіл бөлінеді. Негізгі әріптестер - БҰҰ-ның АИТВ/ЖИТС бойынша Бірлескен

Бағдарламасының тең демеушілері және АИТВ-ның алдын алу қызметін көрсететін
үкіметтік емес ұйымдар желісі.

39. Баланы қорғау мәселелерінде бұл бағдарлама зорлық, менсінбеушілік, қанау және қоғамнан оқшаулаудың күш қолданушылық, психологиялық және әлеуметтік салдарын анықтау, кері бағыттау және оларға жауап қайтарудың үйлестірілген ведомствоаралық жүйелерінен, деректер жинаудан тұратын тиімді тетіктерді одан әрі дамыту саласында Үкіметпен ынтымақтасатын болады. Бұл балалардың жынысын және қазіргі кезде қызмет көрсетумен қамтылмаған балаларды анықтауды ескере отырып, деректерді мұқият жинау арқылы шешім қабылдау мен ресурстарды бөлу атаулылығы сапасын арттырады. Бұл сонымен қатар қоғамның балалармен катал қарым-қатынас жасау, қанау және зорлық-зомбылық жасау секілді барлық нысандарынан хабардарлығын арттырады, қызмет көрсетудегі олқылықтар ашылады, жоспарлау мен бағдарламалық интервенцияны жақсартады, ведомствоаралық байланыстарды нығайтады, тиімді саясаттың жүргізілуін, сонымен қатар құқықтық нормалардың БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы ережелеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді. Интернат мекемелерінде тәрбиеленіп жатқан, сондай-ақ заң бұзған балаларға ерекше көңіл бөлінетін болады. Бұл баланы отбасынан айырудың алдын алу, жергілікті деңгейде отбасына және балаларды орналастырудың отбасылық нысандарына қолдау көрсету жөніндегі қызмет көрсетуді дамыту мен оған мониторинг жүргізу үшін әлеуметтік жұмыс функцияларын одан әрі реттеуді және оның құқықтық негіздерін әзірлеуді талап етеді. Кәмелетке толмағандар істері бойынша сот әділдігі саласында халықаралық стандарттар ескеріле отырып, заңнамаларды реформалау жалғастырылады, ювенальдық әділет органдарында, бас бостандығынан айыруға балама ретінде сынақтан өткізу, қоғамдық жұмыстар және оңалту қызметтері секілді шаралар қолдануда жұмыс істейтін персоналды оқыту жүзеге асырылады. Негізгі әріптестер - ЕО, ХЕҰ, БҰҰДБ және ЕҚЫҰ.

40. Негізгі ресурстар жоғары сапалы сараптама жасауға, халықаралық стандарттар туралы тәжірибе мен білім алмасуға, оның, құны мен экономикалық тиімділігіне талдау жасау және осы жүйенің тиімді жұмыс істеуі үшін қосымша ресурстар іздеуде пайдаланылатын болады. Қосымша қаражат тағамды қажетті микронутриенттермен жақсарту және ұнды құнарландыру жөніндегі қызметті қаржыландыру, сонымен қатар баланы қорғау, кәмелетке толмағандар істері жөнінде сот төрелігін жетілдіру саласындағы нақты жобаларға жұмсалатын болады.

41. Баланы қорғауға бағытталған жүйелерді нығайту нәтижесінде бағдарлама компоненту бойынша мынадай жетістіктерге қол жеткізіледі:

2015 жылдың соңына қарай балалардың, жасөспірімдер мен әйелдердің басым бөлігі бала күтімі, олардың құқықтары мен профилактикасы бойынша сапалы және тиімді қызметті пайдаланатын болады.

Бұл нәтижеге қол жеткізудегі ілгерілеушілік мынадай көрсеткіштермен өлшенеді:

- темір препаратын қабылдайтын және темір қосылған өнімдерді пайдаланатын бала тууға қабілетті жастағы әйелдер %

- ана мен баланы қорғау, балаларды сәби кезінен дамыту, сәбиге анасынан берілетін АИТВ-ның алдын алуды қоса алғанда, АИТВ/ЖИТС-тың алдын алуға көрсетілетін сапалы қызметке қол жеткізу мүмкіндігі бар отбасылар %

- тәрбиелеудің баламалы нысандары пайдасына шешілген және тиісті қызметке жіберілген кәмелетке толмағандар істері %

тәрбие берудің институционалдық нысандары мен жергілікті қоғамдастықтардағы баламалы нысандардағы балалардың арасалмағы.

Екі аралық нәтиже осы бағдарламалық компоненттің нәтижесіне қол жеткізуге алып келеді :

- 2015 жылдың соңына қарай мемлекеттік билік балалар мен әйелдердің ана мен бала денсаулығын қорғау, балаларды сәби кезінен дамыту, АИТВ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы кешенді қызметтерге қол жеткізуді және олардың сапасына мониторинг жүргізуді жүзеге асырады.

- 2015 соңына қарай балаларды қорғаудың ұлттық жүйесі ата-ана қамқорлығынан айырылған әрбір баланың және құқық бұзған әрбір кәмелетке толмаған баланың жеке мұқтаждықтарына ден қоятын болады және қыздар мен ұлдарға қатысты қиянат жасау, оларды кемсіту және қанаудың алдын алу/ден қою жөнінде шаралар қабылдайды.

42. Сектораралық шығыстар. Бұл құрамдауыш бағдарламааралық негізде жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақыларын, сонымен қатар олардың оқу мен іссапарларын қаржыландыратын болады. Шығыстар сонымен қатар елдік офистің жұмыс істеуіне қосымша әкімшілік-қаржылық қолдау көрсетуден тұрады.

2010 - 2015 жылдарға арналған жиынтық бюджеттік кесте

БАҒДАРЛАМА	РЕСУРСТАР	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	БАРЛЫҒЫ
Бағдарламалар мүдделерін көздейтін әлеуметтік саясат және әріптестік	НР*	290,000	320,000	327,000	333,000	340,000	340,000	1,950,000
	ҚР**	150,000	150,000	150,000	150,000	150,000	120,000	870,000
	БАР ЛЫҒЫ	440,000	470,000	477,000	483,000	490,000	460,000	2,820,000
Бала құқықтарын қорғауға бағытталған жүйелерді нығайту	НР	535,000	500,400	492,700	530,000	523,000	523,000	3,104,100
	ҚР	300,000	680,000	800,000	930,000	530,000	430,000	3,670,000
	БАР ЛЫҒЫ	835,000	1,180,400	1,292,700	1,460,000	1,053,000	953,000	6,774,100
Сектор аралық шығыстар	НР	62,000	66,600	67,300	24,000	24,000	24,000	267,900
	ҚР							
	БАРЛЫҒЫ	62,000	66,600	67,300	24,000	24,000	24,000	267,900
	НР	887,000	887,000	887,000	887,000	887,000	887,000	5,322,000
	ҚР	50,000	830,000	950,000	1,080,000	680,000	550,000	4,540,000

БАРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА БЮДЖЕТІ	БАРЛЫҒЫ	1,337,000	1,717,000	1,837,000	1,967,000	1,567,00 0	1,437,00 0	9,862,000
---------------------------------	---------	-----------	-----------	-----------	-----------	------------	------------	-----------

** - негізгі ресурстар, ** - қосымша ресурстар*

V бөлім. Әріптестік стратегиясы

43. Әріптестік пен ынтымақтастық ахуалын нығайту елдік бағдарламаның негізгі стратегиялары болып табылады. Жоғары деңгейде жүзеге асырылатын саяси ірі бастамалар үшін негізгі әріптестер - Парламент, Президент Әкімшілігі, салалық Білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Әділет, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрліктері, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің аппараты, Жоғарғы Сот, Бас прокуратура, Статистика агенттігі. Өңірлік деңгейде негізгі әріптестер жергілікті билік органдары болып табылады. Тәжірибе алмасу, нұсқаулықтар мен құралдар әзірлеу, сондай-ақ зерттеулер жүргізу үшін ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтармен және ғылыми-педагогикалық орталықтармен ынтымақтастық кеңейтілетін болады. Әріптестік шеңберінде балалар мүдделерін көздеуде азаматтық қоғам мен жекеше сектор балалар құқықтарына мониторинг жасауға тартылады.

44. Денсаулық сақтау, АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу, балалар құқықтарын қорғау және Семей өңірінде тұратын ядролық сынақтардан зардап шеккен жастар мен әйелдерді жұмыспен қамту мәселелерін көздейтін БҰҰДБ, ЮНИСЕФ, БҰҰ-ның тұрғын халықтың қоныстануы саласындағы және БҰҰ Еріктілері Қорының бірлескен жобасын қоса алғанда, ЮНДАФ пен 2010 - 2015 жылдарға арналған елдік бағдарламада тұжырымдалған нәтижелерге қол жеткізуде БҰҰ мекемелерімен ынтымақтастық жалғастырылады. ЮНИСЕФ ДСҰ-мен денсаулық сақтау жүйесін нығайту саласында, АИТВ/ЖИТС жөніндегі БҰҰ Бірлескен бағдарламасымен АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу және ЮНЕСКО-мен баланы сәби кезінен дамыту мәселелерінде ынтымақтастықты к е ң е й т е д і .

45. ЮНИСЕФ Дүниежүзілік банкпен денсаулық сақтау саласын реформалау жобасы шеңберінде, әсіресе ретровирусқа қарсы дәрі-дәрмектерді жеткізумен және ана мен бала денсаулығын қорғау саласындағы қызмет көрсету сапасына байланысты фармацевтикалық дәрі-дәрмектер саласындағы саясатты қалыптастыруда ынтымақтасады. ЮСАИД-пен ынтымақтастық АИТВ/ЖИТС-тың алдын алуда көрсетілетін қызмет саласында, сондай-ақ ЕО және ЕҚЫҰ-мен әлеуметтік реформаларға қолдау көрсету мәселелерінде дамытылатын болады.

VI бөлім. Бағдарламаны басқару

46. Жаңа бағдарламаны ел ішінде Сыртқы істер министрлігі үйлестіреді. Бағдарлама компоненттерін басқаруға жауапкершілік тиісті министрліктердің басшыларына жүктеледі. Әрбір жобаға мемлекеттік қызметші тағайындалады, ол ЮНИСЕФ әріптесімен ынтымақтаса отырып, жобаға байланысты қызметті жоспарлауға, басқаруға және мониторинг жүргізуге толығымен жауапты болады. Министрліктер, үкіметтік емес ұйымдар, халықаралық-үкіметтік емес ұйымдар және БҰҰ мекемелері бағдарламалық қызметті атқарады.

47. ОНЖ қол жеткізу қажет болып табылатын нақты нәтижелердің сипаттамасынан тұратын және ресурстарды пайдалану бойынша ЮНИСЕФ пен әрбір әріптестің арасындағы уағдаластыққа негіз болатын екі жылдық Жылжымалы жұмыс жоспарларын (ЖЖЖ) әзірлеу арқылы қолданысқа енгізіледі. ЮНИСЕФ, Үкімет және қоғамдық ұйымдар жұмысты екі жылдық негізде жоспарлап, ЖЖЖ-ның орындалуына орта мерзімді шолу жүргізеді. Әріптес-орындаушыға аударылатын барлық ақша аударымдары жобаны орындаушы әріптестер мен мемлекеттік органдармен келісілген ЖЖЖ негізінде жүзеге асырылады.

48. ЮНИСЕФ ақшалай қаражатты ЖЖЖ-да егжей-тегжейлі баяндалған жұмыстарды орындау үшін мынадай тәсілдермен аудары алады:

- ақшалай қаражат тікелей әріптес-орындаушыға аударылады:

- а) жұмыс басталғанға дейін (тікелей ақша аудару), немесе

- б) жұмыс аяқталған соң (өтемақы/шығыстардың орнын толтыру);

- ақы төлеу әріптес-орындаушының уәкілетті тұлғасы қол қойған сұрату негізінде әріптес-орындаушылардың өздеріне алған міндеттемелеріне сәйкес тікелей жеткізушілерге немесе үшінші тұлғаларға жүзеге асырылады;

- ақы төлеу әріптес-орындаушылармен келісілген жұмыстарға қолдау көрсетуде ЮНИСЕФ-тің өзіне алған міндеттемелеріне сәйкес тікелей жеткізушілерге немесе үшінші тұлғаларға төленеді.

49. Ақы төлеу тікелей ақша аударымдары түрінде бағдарламаны іске асыру кезеңінде үш айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады. Бұрын бекітілген шығыстарға сұрау салу тоқсан сайын немесе жұмыс аяқталған соң жасалады. ЮНИСЕФ әріптес-орындаушының бұрын бекітілген сомадан артық шығындарын өтеуге жауапты емес. Барлық қаржылық транзакциялар Париж Декларациясымен енгізілген БҰҰ мекемелері бөлетін Қаржы қаражатына әкімшілік ететін әріптестермен жұмысқа үйлестірілген тәсілге (НАСТ) сәйкес жүзеге асырылады.

50. Кез келген жұмыс түрі аяқталған соң, қалған қаражат әріптес-орындаушы мен ЮНИСЕФ-тің өзара келісімі негізінде қайта бағдарламалауға немесе қайта қаржыландыруға жатады.

51. Егер әріптес-атқарушы Үкімет болған жағдайда, ақша аудару тәсілдері, өтемақы төлеу мөлшері, көлемі, мониторинг бойынша іс-шараларды жүргізу мерзімділігі қоғамдық қаржы қаражатын басқару мүмкіндіктеріне шолу жасау нәтижелеріне, егер

әріптес-атқарушы БҰҰ тарапынан өзге мекеме болған жағдайда қаржы құралдарын басқару мүмкіндіктерін бағалауға байланысты болуы мүмкін. ЮНИСЕФ пен әріптес-орындаушы таңдаған жеке тәжірибеден өтуші бухгалтерлік фирма атынан білікті консультант әріптес-орындаушының қатысуымен мұндай бағалауды жүргізе алады. Ақша аудару тәсілдері, өтемақы төлеу мөлшері, көлемі, мониторинг жүргізу жөніндегі іс-шараларды жүргізу мерзімділігі бағдарламаға мониторинг жүргізу нәтижелері, шығындар мониторинг ұсынылған есептілік және жүргізілген аудит-тексерулер негізінде бағдарламаны іске асыру барысында қайта қаралуы мүмкін.

VII бөлім. Мониторинг және бағалау

52. Үкімет пен әріптес-орындаушылар ақша аудару арқылы төленетін барлық жұмыстарға бірлесіп мониторинг жүргізу үшін ЮНИСЕФ-пен ынтымақтасуға келіседі және тиісті қаржылық есептерге қол жеткізуге және НАСТ-қа сәйкес ЮНИСЕФ ұсынған ақша қаражатына әкімшілік етуге жауапты қызметкерлерге жәрдемдесуге міндеттенеді. Осыған байланысты әріптес - орындаушылар төмендегі мәселелер туралы к е л і с е д і :

- ЮНИСЕФ-тің немесе оның өкілдерінің жергілікті жерлерде кезеңімен бақылау жүргізуіне немесе қаржылық есептілікті ішінара тексеріп тұруына мүмкіндік беру;

- ЮНИСЕФ стандарттары мен нысандарды аралау және жұмыс жүргізу үдерісіне бақылау жасау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жұмыстарға бағдарламалық мониторинг ж ү р г і з у ;

- арнайы немесе жоспарлы аудит. ЮНИСЕФ БҰҰ-ның басқа мекемелерімен ынтымақтастықта, сондай-ақ үйлестіруші Министрлікпен келісімі бойынша жылдық аудит жоспарын әзірлейді, оның басым міндеті ЮНИСЕФ тарапынан қомақты ақшалай қаражат алатын әріптес-орындаушылар мен қаржыны басқару мүмкіндіктері жетілдіруді талап ететіндерді тексеру болып табылады.

53. Мониторинг бойынша жүргізілетін іс-шараларды ойдағыдай өткізу үшін (жобаларды іске асыру барысына қатысу, қаржылық құжаттарды ішінара тексеру, аудит) әріптес-орындаушылар мен ЮНИСЕФ деректерді бірлесіп пайдалануға және талдау жасауға мүмкіндік беретін бағдарламаға мониторинг жүргізу және қаржылық бақылау құралын пайдалану туралы келісімге келе алады.

54. Мемлекеттік аудиторлық мекемелер салық инспекциясын, прокуратураны қоса алғанда, қаржылық есептілік комитетін, ұжымдық ведомстволық комитеттер үкіметтік әріптес-орындаушылардың жоспарлы және арнайы аудит-тексерулерін жүзеге асыра алады. Егер мемлекеттік мекемелер ЮНИСЕФ және мұндай тараппен бірлесіп жұмыс жасайтын БҰҰ-ның басқа мекемелері белгілеген кезеңділікке мен көлемге сәйкес нақты әріптес-орындаушылардың жұмысына аудит жүргізбеген жағдайда, ЮНИСЕФ мұндай аудит-тексерулер жүргізу туралы өз бетінше шешім шығарады.

55. Үкіметтік емес әріптес-орындаушы бағалау мен аудитті ЮНИСЕФ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес жүргізеді.

56. Елдік бағдарламаны Сыртқы істер министрлігі үйлестіреді, ал оны іске асыру мен басқаруды тиісті салалық министрліктер мен департаменттер жүзеге асырады.

57. Негізгі индикаторлар мыналар болып табылады: балалар үшін басым болып табылатын қызмет түрлеріне бюджет бөлу; нәресте, бала және аналардың өлім-жітімі; сапалы перинатальдық көмекпен қамтамасыз ететін денсаулық сақтау мекемелерінің пайызы және ондай көмек алатын аналар пайызы; микронутриенттермен қамту және А витаминінің жетіспеушілігін туғызатын жағдайлар үлесі; темір және фолий қышқылы қосылған ұнды пайдаланатын бала тууға қабілетті жастағы әйелдер пайызы; ретровирусқа қарсы дәрі-дәрмектерді пайдаланатын АИТВ жұқтырған әйелдер пайызы; АИТВ-ның алдын алатын қызмет түрлерін пайдалану мүмкіндігі бар қатерлі топтағы жасөспірімдер пайызы; тәрбие берудің балама түрлері қолданылатын балалар үлесі және бас бостандығынан айыруға балама болатын жазалау шаралары қолданылған кәмелетке толмаған құқық бұзушылар саны. Мыңжылдық Даму Мақсаттарына (МДМ), әсіресе, балаларға қатысы бар міндеттерге және «Балалар өміріне қажет әлем» атты қорытынды құжаттың мақсаттарына, сондай-ақ басқа да халықаралық міндеттемелер мен ұлттық басымдықтарға мониторинг жүргізілетін болады. Пайдалануға ыңғайлы Балалар мәселелері жөніндегі ақпараттық жүйенің деректер базасы балалардың амандық-саулығының, сондай-ақ гендерлік және әлеуметтік теңсіздіктің деңгейін бақылап отыру мақсатында балалар мәселелері жөніндегі ақпаратқа қол жеткізуді жақсарту және «Балалар өмірінің сапасы» әдіснамасын ілгерілету үшін қолданылатын болады. Оның үстіне мемлекеттің МИКТ-ға көбірек қатысуы Қазақстандағы отбасылар және балалардың жағдайы туралы қосымша маңызды деректер алуға мүмкіндік береді.

58. Алты жылға есептелген Мониторинг жүргізу мен бағалаудың біріктірілген жоспары негізгі зерттеу, талдау және бағалау жұмыстарынан тұрады. Зерттеу тақырыптары мынадай: балаларға негізгі қызмет түрлерін ұсыну үшін бөлінетін бюджет қаражатына шолу жасау; ана мен бала денсаулығын сақтау саласындағы қызмет көрсетуді, жастарға жақын қызметтердің сапасы мен оны пайдалану; балаларды тәрбиелеудің баламалы нысандарының сапасы мен оларды пайдалану. Үкімет бастамашылық жасаған Мульти-индикаторлық кластерлік тексеру жүргізу үшін техникалық қолдау көрсетілетін болады.

59. Бағдарламаға үнемі мониторинг жүргізіліп, мерзімді шолулар жасалады, сонымен қатар ЮНДАФ-тың орындалу барысына бірлескен жыл сайынғы және орта мерзімді шолулар жасалады.

VIII бөлім. ЮНИСЕФ-тің міндеттемелері

60. БҰҰ Балалар Қорының Атқарушы Кеңесі Негізгі Ресурстардан төмендегі кестеде көрсетілгеннен аспайтын мөлшердегі және 2010 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде ОНЖ-ның орындалуымен байланысты жұмыстарға қолдау көрсетуге бағытталған қаражатты резервте сақтау туралы шешімді бекітті. ЮНИСЕФ ОНЖ-да көрсетілген бағдарламаларды бұдан әрі - Қосымша Ресурстар деп аталатын қосымша қаржыландыру көздерін, төмендегі кестеде берілген көлемде іздеуге міндеттенеді. Мұндай ақшалай қаражатты беру ұсынылатын жобаларда донорлық мүдделердің болуын көздейді. Бұл мақсатта ЮНИСЕФ жергілікті және халықаралық донорлық қоғамдастықтар беретін қажетті Қосымша Ресурстарды жинақтауға бағытталған күш-жігерді үйлестіреді.

	(мың АҚШ долларына шаққанда)		
Бағдарлама	Негізгі ресурстар	Қосымша ресурстар	Барлығы
Әлеуметтік саясат және балалар мүдделерін көздейтін әріптестік	1 950	870	2 820
Бала құқықтарын қорғауға бағытталған жүйелерді нығайту	3 104	3670	6 774
Сектораралық шығыстар	268		268
Барлығы	5 322	4 540	9 862

61. ЮНИСЕФ ақпараттық-білім беру науқандарын, ғылыми зерттеулер мен ізденістер, кеңестер өткізу; бағдарламаларды, мониторинг жасау және бағалауды әзірлеу, персоналды оқыту және оларға көмек көрсетуге қажетті техникалық қолдау көрсету, қолма-қол қаражат беру түрінде көмек көрсету; тауарларды, құрал-жабдықтарды жеткізу және беру; сатып алу, көлік, қаржы құралдары бойынша қызмет көрсету арқылы ОНЖ аясындағы жұмыстарды әзірлеу мен олардың орындалуына жәрдемдеседі. ЮНИСЕФ көрсететін қолдаудың бір бөлігі уағдаластыққа сәйкес белгіленген Жылжымалы Жұмыс Жоспарлары шеңберіндегі балалар/жастар қозғалыстарын қоса алғанда, үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам ұйымдарына көрсетілетін болады.

62. Қосымша қолдау көрсету ЮНИСЕФ-тің жаһандық ақпараттық жүйесіне, ЮНИСЕФ-тің өңірлік кеңсе жүйесіне және бағдарламаларды әзірлеу жөнінде қызмет көрсететін консультанттардың, тараптардың/адамдардың тізімдерін қоса алғанда, мамандандырылған ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелер желісі көрсететін қолдауға, қорларға және бағдарламаларға қол жетімділікті қамтамасыз етуден тұруы мүмкін.

63. ЮНИСЕФ бағдарламаны әзірлеу және оған қолдау көрсету, техникалық қолдау көрсету, сондай-ақ жұмыстарға мониторинг жүргізу және оларды бағалау үшін қызметкерлер мен консультанттар қызметін ұсынуға міндеттенеді.

64. Жыл сайынғы шолулар нәтижелерін ескере отырып және бағдарламаның орындалу барысында ілгерілеушілікке қол жеткізген жағдайда ЮНИСЕФ-тің қаржы

қаражаты ОНЖ ережелеріне сәйкес екі күнтізбелік жылға бөлінетін болады. Бұл бюджеттер қарастырылып, одан әрі Жылжымалы Жұмыс Жоспарларында көрініс табатын болады. Үкімет пен ЮНИСЕФ арасындағы екі жақты келісім бойынша, қандай да бір жоба қорын игеру қарқыны екі жылдық сметалық есеп айырысулардан әлдеқайда төмен болса, онда ЮНИСЕФ-тің арнайы нақты жобалары үшін донорлар резервте сақтамаған қаржы қаражаты қорды игеруде бұдан да жоғары қарқынға қол жеткізетін осыған тең басқа да бағдарламалық мақсатты жобаларды жүзеге асыру үшін қайта б ө л і н у і м ү м к і н .

65. ЮНИСЕФ министрліктермен және мекемелермен қолма-қол қаражат, жеткізілімдер мен құрал-жабдықтар немесе қызмет түрлерін ұсыну түрінде көмек көрсету жөнінен уақтылы сұраныс алып тұру жөнінде кеңесіп отырады. ЮНИСЕФ тауарларды тиімді әрі уақтылы кедендік тазартудан өткізу, оларды сақтауға қою мен тарату үшін мемлекеттік билік органдарының мүдделі өкілдерін хабардар етіп отырады .

66. Үкімет тарапынан үйлестіруші органмен келісім бойынша ЮНИСЕФ ОНЖ шеңберінде мұндай тауарларды кейіннен қайта бағдарламалау үшін осы Елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспары мен Жылжымалы Жұмыс Жоспарларында көрсетілген мақсаттарда жеткізілген, бірақ пайдаланылмаған тауарларға бірлесіп тексеру жүргізуді талап етуге құқылы.

67. Тікелей ақша аударған немесе шығыстардың орнын толтырған жағдайларда ЮНИСЕФ әріптес-орындаушыны ЮНИСЕФ бекіткен сома туралы хабардар етеді және төлем туралы сұратуды алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде төлем төлейді.

68. Әріптес-орындаушының уәкілетті тұлғасы қол қойған сұратулар негізінде әріптес-орындаушылардың өздеріне алған міндеттемелері үшін жеткізушілерге немесе үшінші тарапқа тікелей төлем жасаған жағдайда немесе әріптес-орындаушылармен келісілген жұмыстарға қолдау көрсетуде ЮНИСЕФ қабылдаған міндеттемелер үшін жеткізушілерге немесе үшінші тарапқа ЮНИСЕФ бес жұмыс күні ішінде төлемақы т ө л е й д і .

69. ЮНИСЕФ әріптес-орындаушылар арасындағы шарттық келісімдерге, бағдарламаларға мониторинг жүргізу және қаржылық мониторинг жүргізуге тікелей ж а у а п т ы е м е с .

70. Егер бір әріптес-орындаушы БҰҰ-ның бірнеше мекемелерінен ақшалай қаражат алатын болса, онда бағдарламаға мониторингті, қаржылық мониторинг пен аудитті БҰҰ-ның осындай мекемелерімен бірлесіп жүргізеді немесе үйлестіреді.

IX бөлім. Үкіметтің міндеттемелері

71. Үкімет 1994 жылы 25 қарашада Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) арасындағы ынтымақтастық туралы негізгі келісім (ЫНК)

ережелеріне сәйкес өз міндеттемелерін жүзеге асырады. Үкімет Біріккен Ұлттар Ұйымының меншікке, қаражатқа, активтерге, ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғалары мен консультанттарына қатысты 1946 жылғы 13 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияның ережелерін қолданатын болады. Сонымен қатар, Үкімет ЮНИСЕФ-ке және оның лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ ЮНИСЕФ атынан қызмет көрсететін басқа тұлғаларға ҮНҚ³-де бекітілген артықшылықтарды, иммунитеттерді және жеңілдіктерді ұсынады.

72. Екі жақты келісім бойынша, бағдарламаларға мерзімді шолу жасау мен кеңестерді жоспарлауды ұйымдастыруда жыл сайынғы шолуларды, екі жылдық жоспарлау мен орта мерзімді шолуды қоса алғанда, Үкімет оларға донорлардың, БҰҰ мекемелерін, ЮНИСЕФ-тің Атқарушы кеңесі мүшелерінің, үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам ұйымдарының қатысуына ықпал етуге және жәрдемдесуге міндеттенеді.

73. Үкімет өзара келісімге сай және мүмкіндігі бойынша ЮНИСЕФ және/немесе БҰҰ-ның басқа ұйымдары, халықаралық ұйымдар, екі жақты агенттіктер немесе үкіметтік емес ұйымдар көрсететін қолдау түрлерін қоспағанда, бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қызметкерлер, үй-жай, материалдық қорлар, қорларды бөліп, техникалық, мерзімді және біржолғы қолдау көрсетеді⁴.

74. Үкімет Ынтымақтастық бағдарламасының қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті қаржы ресурстарын тартуда жергілікті басқару органдарын қоса алғанда, ЮНИСЕФ-ке жәрдемдесетін болады, сондай-ақ ЮНИСЕФ-ке қаржылық ресурстар ұсынуда қорлар қамтамасыз етпеген бағдарлама компоненттерін орындауға қажетті әлеуетті донорлық үкіметке қолдау көрсету; бағдарламаны іске асыру үшін халықаралық және республикалық деңгейде жеке сектордан қаржы ресурстарын тарту саласында ЮНИСЕФ қызметімен байланысты құжаттарды ресми мақұлдау; Қазақстандағы жекелеген тұлғалардың, корпорациялардың және мекемелердің аталған бағдарламаға қолдау көрсету мақсатында үлестерін енгізуіне ресми рұқсат беру арқылы, мұнда Донор қолданыстағы заңдар бойынша барынша рұқсат етілген мөлшерде салық төлеуден босатылады, ЮНИСЕФ-пен ынтымақтасуға міндеттенеді.

75. НАСТ-қа сәйкес, қорларды бекіту мен шығыстарды растаудың (FACE) стандартты нысаны Жылжымалы Жұмыс Жоспарындағы (жылдық жұмыс жоспары) жұмыс түрлерін көрсете отырып, әріптес-орындаушы капитал босату туралы немесе ЮНИСЕФ-тің жоспарланған шығыстарды өтейтініне немесе оның тікелей орнын толтыратынына кепілдік беретіні туралы сұрату жасау үшін пайдаланылады. Әріптес-орындаушылар FACE-ні алынған қаражатты пайдалану туралы есептілікті құру үшін қолданатын болады. Әріптес-орындаушы банктік деректемелерді беруге, сұраныс жасау мен ақша қаражатын пайдаланғаны туралы құжатты растауға уәкілетті

лауазымды тұлғаны тағайындауға міндеттенеді. FASE-ге әріптес-орындаушының уәкілетті өкілі (дері) кол қояды.

76. Әріптес-орындаушылар аударған ақша қаражаттары тек ЖЖЖ-да көрсетілген жұмыстар үшін жұмсалуға тиіс.

77. Әріптес-орындаушылардың Үкіметтің және үкіметтік емес ұйымдардың атынан алған ақшалай қаражат белгіленген мемлекеттік ережелерге, саясатқа, рәсімдерге және тиісті халықаралық стандарттарға сәйкес жұмсалуға тиіс. Атап айтқанда, мұндай стандарттар ақшалай қаражаттың тек ЖЖЖ-да көрсетілген жұмыстар үшін жұмсалатынына кепілдік беруге тиіс және түскен ақшалай қаражаттың толық жұмсалуды туралы есеп ЮНИСЕФ-тің қарауына ақшалай қаражат алған сәттен бастап алты ай ішінде ұсынылатын болады. Мемлекеттік ережелер, саясат және рәсімдер халықаралық стандарттарға сәйкес келмеген жағдайда БҰҰ мекемелерінің ережелері, саясаты және рәсімдері қолданылады.

78. Әріптес-орындаушылардың үкіметтік емес ұйымдардың және үкіметаралық ұйымдардың атынан алынған ақшалай қаражат халықаралық стандарттарға сәйкес жұмсалуға тиіс. Атап айтқанда, мұндай стандарттар ақшалай қаражаттың тек ЖЖЖ-да көрсетілген жұмыстар үшін жұмсалатынына кепілдік беруге тиіс және түскен ақшалай қаражаттың толық жұмсалуды туралы есеп ақшалай қаражатты алған сәттен бастап алты ай ішінде ЮНИСЕФ-ке қарауға ұсынылатын болады.

79. Жоспарлы және арнайы аудит жүргізу мақсатында ЮНИСЕФ-тен ақшалай қаражат алушы әрбір әріптес-орындаушы ЮНИСЕФ-тің немесе оның өкілінің мыналарға:

- БҰҰ мекемелерінен ақша аударымдарын алумен байланысты барлық транзакцияларды көрсететін барлық қаржылық есептерге;

- барлық тиісті құжаттамаларға және әріптес-орындаушының ішкі бақылау құрылымының жұмыс істеуімен байланысты ақша аударымдарын жүзеге асыратын персоналға уақтылы қол жеткізуге міндеттенеді.

80. Әрбір аудиттің нәтижесі әріптес-орындаушыға және ЮНИСЕФ-ке беріледі. Әрбір әріптес-орындаушы мынадай:

- аудиторлар жасаған аудиторлық есепті алу және оны зерделеу;
- ЮНИСЕФ (және егер ол аудит жүргізу үшін тағайындалған болса, мемлекеттік аудиторлық бақылау мекемесі) атына аудит ұсынымдарын қабылдау немесе одан бас тарту туралы дер кезінде өтініш беру;
- қабылданған аудит ұсынымдарына сәйкес уақтылы шаралар қабылдау;
- ЮНИСЕФ-ке қабылданған ұсынымдарға сәйкес (немесе бірлескен уағдаластыққа сәйкес) орындалған шаралар туралы тоқсан сайынғы есептілікті ұсыну мүмкіндіктеріне ие.

81. ЫНК-ге сәйкес Үкімет ЮНИСЕФ ұсынған жеткізілімдер мен құрал-жабдықтарды кедендік тазарту, алу, сақтауға қою, тарату және есепке алу үшін

жауапты болады. Елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспарына сәйкес, БҰҰ Балалар Қоры беретін жеткізілімдерге, құрал-жабдықтарға немесе ұсынылатын қызметтерге салық, комиссиялық алым және баж салығы салынбайды. ЮНИСЕФ сонымен қатар өздері қолдау көрсететін бағдарламаларды іске асыру үшін сатып алынатын жергілікті тауарлар мен қызметтерге қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеуден босатылуға тиіс.

82. Іссапар шығындарына, шәкіртақы, қаламақы төлеуге және басқа шығындарға қолма-қол қаражат беру түріндегі көмек елде қолданылатын, бірақ Біріккен Ұлттар Ұйымы Жүйесінде (ICSC циркулярында көрсетілгендей) қолданылатын мөлшерлемелерден аспайтын мөлшерлемелер бойынша белгіленеді.

83. Үкімет түрлі мемлекеттік және халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарында Ынтымақтастық бағдарламасының орындалу нәтижелері мен тәжірибелер туралы жарияланымдарға рұқсат беруге міндеттенеді.

84. ЫНК ережелеріне сәйкес Үкімет үшінші тараптың ЮНИСЕФ-ке, оның қызметкерлеріне, кеңесшілері мен агенттеріне қатысты қозғауы мүмкін талаптарды реттеу үшін жауапты болады. ЮНИСЕФ, оның қызметкерлері, кеңесшілері мен агенттері осы келісімнің орындалуы нәтижесінде туындаған талаптар мен міндеттемелер үшін, мұндай талаптар мен міндеттемелер өрескел ұқыпсыздық немесе осындай ұқыпсыз кеңесшілердің, агенттердің немесе қызметкерлердің міндеттерін тиісті деңгейде атқармағаны салдарынан туындаған жағдайда Үкімет пен ЮНИСЕФ екі жақты келісімге келген жағдайларды қоспағанда, жауапты болмайды.

Х бөлім. Басқа ережелер

85. Осы Операциялардың негізгі жоспары қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді, бұл ретте осы құжат бағдарлама бойынша 2010 жылдың 1 қаңтарынан 2015 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде жүзеге асырылатын іс-қимылды қамтиды дегенді білдіреді.

86. Осы Операциялардың негізгі жоспары Үкімет пен ЮНИСЕФ-тің өзара келісіміне сәйкес өзгеруі мүмкін.

87. Осы Елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспарының бірде-бір ережесі Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын 1946 жылғы 13 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға сәйкес ұсынылатын ЮНИСЕФ тарапын қорғаудан бас тарту ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

ОСЫНЫ РАСТАУ ҮШІН ТАРАПТАР өкілетті сенім білдірілген тұлғалар атынан Қазақстан Республикасында [жыл] [күн, ай] Операциялардың негізгі жоспарына қол қойды.

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің
атынан*

БҰҰ Балалар қорының

атынан

Қайрат Омаров
Қазақстан Республикасы Сыртқы
істер министрінің орынбасары

Ханна Сингер
Қазақстан Республикасындағы
ЮНИСЕФ өкілі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК